



ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор
Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықтың 95 жылдық мерейтойына арналған
**«РӘБИҒА СЫЗДЫҚ ФЕНОМЕНІ: ҚАЗАҚ ТІЛ
БІЛІМІНІҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ»**
тақырыбындағы халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары
22 қараша 2019 жыл

Сборник материалов международной научно-теоретической конференции
**«ФЕНОМЕН РАБИГИ СЫЗДЫК: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ
КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ»**,
посвященная 95-летию академика НАН РК, доктора филологических наук
профессора Рабиги Сатигаликызы Сыздык
22 ноября 2019 год

Collected proceedings
the materials international scientific-theoretical conference on the theme
**«RABIGA SYZDYK'S PHENOMENON:
CONTEMPORARY KAZAKH LINGUISTICS AND ITS FUTURE»**
devoted to academician of Kazakh National Scientific Academy,
doctor of philological sciences, professor
Rabiga Satkaliyzy Syzdyk's 95th anniversary
22 November 2019 year

Қортабаева Г.К.
Филология ғылымдарының кандидаты
Қыдырбаева Ү.Т.
PhD доктор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Алматы, Қазақстан

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ «ҰМАЙ» ОНИМИ: ЛИНГВОТАНЫМДЫҚ ЭКСКУРС

Ұмай – ертедегі Орталық және Орта Азияны мекендеген көшпелі түркі тілдес халықтардың ұрпақ жалғастырушы, береке-молшылық құдайы болған. Бұл әйел құдай көне түркі қорымдарының (пантеонында) ғарыш құдайы Тәңірден кейін екінші орын алған. Ежелгі түріктер үшін Көк пен Жерден кейін тұрған күдіретті күш – әйел тәңірісі Ұмай Тоныкөкке орнатылған ескерткіште мынадай жыр жолдары арқылы беріледі:

Тоныкөк жазуында:

Тәңірі, Ұмай, удуқ йер -суб басы

Тәңірі Ұмай, қасиетті әсер-су берті ерінч, жеңіс берген.

Неке тезербіз, үжүс тійін,

Көп деп неге қашамыз,

Неке қорқұрбіз, аз тійін...

Абыз деп неге қорқамыз...

Ұмай ана / Ымай, Май эне, Бай ана, Пай ана – көнетүркі дәуіріндегі деректерден белгілі құдай ана. Көнетүркілік ескерткіштерде Ұмай жоғарғы дәрежелі құдай бейнесінде түсіндіріледі. Белгілі түркітанушы С.Г.Кляшторныйдың пікірінше, Күлтегінге арналған ескерткіштегі жазбаларда Тәңірі мен Ұмайдың ерлі-зайыпты құдайлар екендігі туралы мифтер айтылады [1; 133].

Ұмай / Ымай, Май эне, Байана, Пайана «биографиясын» көне түркілік дереккөздерден кездестіретін Тәңірмен қатар аталады. Көне түркілік жазба ескерткіштерде оның аты жиі аталмаса да, үлкен маңызға ие болған. Сәйкесінше, көне түркілік жазба ескерткіштерде аты аталатын Ұмай ана VII-VIII ғасырларда көктегі Тәңір мен Жер Су құдайы *Jar sub*-пен қатар айтылады. Сол арқылы бізді көне замандағы ұрпақ жалғастыру дәстүрімен және күнге табынушылық дәстүрімен қаншалықты байланысты екендігімен таныстырады. Бұл қазіргі қырғыздардың көне түркі тайпаларымен және конфедерацияларымен тығыз байланысты екендігін, олардың арасында этногенетикалық байланыс бар екендігін дәлелдеуде көмекке келеді.

Күлтегінге арналған жазба ескерткіште П.М. Мелиоранскийдің аудармасы мен транскрипциясы арқылы берілген мынадай жолдар кездеседі:

«Умај-тағ өгәм катун кутына інім күл-тагін ар ат болды», аудармасы: «Менің Ұмай секілоі Ұлы мәртебелі атам катун үшін (қуанышқа орай) менің кімі інім Күлтегін оның жары атанды».

«Қазақтың мифтік әңгімелері» жинағында Ұмай ана туралы мынандай аңыз бар. «Бізге жеткен деректерде ерте дәуірде Алтай тауын мекендеген түркі жұртты құрық бойы қар жауған бір қатты қыста қырылып қалады. Осы қақаған аязда Айсұлу атты қыз бөстекке оранып аман қалады. Оны Алтайдың үңгірін мекен еткен Аю батыр тауып алып, Айсұлуды сұлқ жатқан жерінен Ұмай ананың көмегімен тірілтіп алады. Көп ұзамай Аю батырдан Айсұлу жүкті болады. Аю батыр үйде жоқта толқақ қысқан Айсұлуды Ұмай ана жебеп, бір ұл бір қызды дүниеге әкеледі. Содан түркі қауымы рулы елге айналып, бүгінге күнге жетеді [2].

Ш.Уәлиханов қырғыздардың «Майнекең болайын!» деген ант-суын осы Ұмай ана есімімен іздеген. Өйткені «майнеке» деген сөз «май» бөлігінің алдындағы дыбысы түсіп қалған Ұмай ананың аты болып шығады. Сондай «Ұмай ана сияқты желеп-жебеушің болайын!» деген мағынаны білдіреді. Демек, қазақ, қырғыз тілінде оның есімі «Май эне», «Май ана» түрінде сақталса, хакас тілінде «От ине», «От инезі» тіркестері «От эне, от енесі, от иесі түрінде сақталған. Ұмай-анаға тағзым ету бауырлас қырғыздарға да тән.

Ұмай Тәңірінің бейнесі көне түркілердің діни сана сезімінде үлкен орын алған. Бұл Құдай ананың үш бөлімді түркілік пантеонда ерекше орынға ие болғандығын оның есімінің бірнеше мәрте руникалық мәтіндерде кездесуінен, сондай ақ қазіргі Сібір және Орта Азиядағы түркітілдес халықтардың дәстүрлі дүниетанымын зерттеу нәтижелерінен байқалады, атап айтқанда Barthold W. (1897); Мелиоранский П. (1899); Анохин А.В. (1924); Анохин А.В. (1929),.; Дыренкова Н.П. (1928); Каруновская Л.Э. (1935); Потапов Л.П. (1973); Абрамзон С.М. (1990); Баскаков Н.А. (1973); Алексеев Н.А. (1980); Алексеев П.А. (1984); В.

Бутанаев В.Я. (1986).; Бутанаев В.Я. (1988).; Львова Э.Л., Октябрьская И.В., Сагалаев А.М., Усманов М.С. (1988) т.б. еңбектер.

М.С.Андрееваның, Г.П.Снесаревтың зерттеулері де таң қалдырады, себебі ол Хорезмдағы өзбектердегі әйел бейнесі туралы жазған. Амбар-ана бейнесі қоршаған табиғатпен үйлесімді болып келеді: аспан, өзендегі сумен, даламен т.с.с. босануға байланысты барлық ғұрыптарда Амбар-ана бейнесі кездеседі. Оның басты қызметі әйел босағанда көмек береді. Г.П.Снесарев Ұмайдың ұрпақ жалғастығын сақтайтын құдайы ретінде қарастырады [3; 43].

Сонымен қатар әлі күнге дейін зерттеушілер арасында көне түркілердің Ұмай бейнесін қандай бейнеде сипаттағаны жөнінде ортақ бір пікір жоқ.

Ұмай мифонимі қачин диалектінде *Омай* және *Ымай* деп айтылады, ал сағай диалектінде *Ұмай* және *Ымай*. Әдеби хакас тілінде *Ымай* формасы қолданылады.

Тәңір бейнесін және оның есімін қырғыз мұсылмандары исламда ерекше құрметтелетін әйел аттарымен байланыстырады: Фатима және Зухра (соңғысын айтқан кезде екеуін біріктіріп Батма Зуура немесе Сурра деп айтады).

Қырғыздардың көне діни культтарына Ұмай ана (Ұмай эне) культі де жатады. Бұл культті қарастырмас бұрын оның көп құрылымды түркілердің діни жүйесінің бір бөлшегі екендігін ескерген жөн. Бұл ұғымның зерттеу негіздері Л.Н. Гумилевке тиесілі.

Ұмай мен үңгірдің ара қатынасы бұрындары түрлі түркі халықтары үшін маңызды болған сияқты. Жергілікті тұрғындар "Нар тауындағы (Нарын қаласының маңы) үңгірде Ұмай мекен етеді және оны қарапайым адам күре алмайды деп сенген". Сүлеймен тауы (Ош қаласы) бұрынғы кезден перзент сүйіп алмай жүрген әйелдердің ем іздеп баратын жері болып табылады.

Үңгірге қатысты мұндай қозғалыс Хакасия мен Бурятияда да қалыптасқан. Ұмай үңгірінің сакральді орталыққа сай барлық сипаттамалар бар. Алайда оның тауда болуы Ұмайдың хтоникалық кейіпкер екендігіне дәлел бола алмайды, себебі «тауда хтоникалық сипаттамалар болса да, оны аспанға дейін созылған жердегі орталық вертикалділік пікірі бар» [4, 82].

Ұмай ананың хакасия аталуы *Ымай идже*. Хакастардың пікірінше, ол адамдардың көңіліне көрінбейді және үнемі аспанда ақ бұлттардың арасында сәбилердің дүниеге келуін, олардың аурулауына аулақ болуын қадағалап отырады. Егер емізулі сәби құлап қалатын болса, оған ештеңе болмайды, себебі оны Ұмай ана қорғап жүреді деп сенген. Сондай ақ сәби ұйықтап жатқанда күлсе, Ұмай ана оны ойнатып жатыр, ал егер жылайтын болса, оны қорқытып жатыр деген сенім болған. Егер сәби жылайтын болса, *Ымай иджені* «хурай, хурай» деп тыныштандырып, Ұмай ана мейірлене түссін және қарнын тойдырсын деп сәбидің аузын маймен сылаған. Хакастардың сенуінше, Ұмай ана *Ымай* тасхыл тауындағы өзінің «қоймасында» сақтаулы сәби жандарының қорғаушысы болған. *Ымай иджені* ақ шашты, адамдарға жаны ашып тұратын мейірімді жасы үлкен әйел бейнесінде елестеткен. Бәлкім сол себепті де сағайлар оны Пай идже, яғни ауқатты, мейірімді ана немесе Улуг ах ине (Ұмай ақ ана) деп атаған болар [5, 93-105].

Ал түрік мифологиясында *Ұмай Омаджи* деген балаларды қорқытатын рух ретінде трансформацияланған.

Хакасияда Ұмай (*Ымай*) деп Тәңірден басқа сәбидің туғаннан бастап, жүргенге дейінгі жанын атаған. Сәбилердің нендей жағдайы болмасын бәрін Ұмай анамен байланыстырған. Егер сәби күлсе, оынмен Ұмай тілдесіп жатыр, егер жыласа, Ұмайдың қарауынсыз қалғанда оны зұлым рухтар қорқытып жатыр деген сенім болған. Сәбидің ауыруы Ұмайдың жоқ екендігінің нақты белгісі болған. Мұндай жағдайда сәбиді бақсыға (шаманға) апарған. Ол түрлі дәстүрлері арқылы сәбидің жанының зұлым күштер ұрлап кеткенін немесе оның орнында екенін анықтаған. Егер сәби жаны ұрланса, ол сәбидің өліміне әкеліп соғуы мүмкін еді.

Шорлар Ұмай ананы (Май иче) сәбилердің қорғаушысы деп құрметтеген, сонымен бірге балалардың ауруы мен өлімін Қара Ұмай деген зұлым күшпен байланыстырған. Шорлардың Ұмай ана (Май иче) арнап жасайтын дәстүрлері мынадай: бесікке тағылатын кішкене садақ пен оқ, оқ қадашын (ер балалар үшін) немесе жебе қадалған (қыз балалар үшін) қайыңнан жасалған ойыншық, бесікке салып қоятын ағаш оқ. Телеуіттер Май энені аспаннан кемпірқосақ арқылы жеге түсіп, алтын садақпен балаларды қорғайтын күміс түстес шашы бар жас әйел бейнесінде елестеткен. Қырғыздар Ұмай энеге сәби туылғанда немесе ауырып қалғанда жолығатын болған. Құмандар Ұмай эне сулы қорқады деп сенген (әйел бейнесіндегі от Құдайы секілді).

Отбасын қорғап жүретін рухтар мен күштер пантеонында сәбилердің қорғаушысы Ұмайдың немесе Ұмай иченің орны ерекше еді. Ұмай анаға табынушылық Саян Алтайдағы түркітілдес халықтар арасында кеңінен тараған, бұл сенім көне түркілік кезеңде пайда болғанға ұқсайды.

Дорлардың дүниетанымы бойынша, Ұмай бір уақытта жоғарғы әлемде және жерде, сәбилердің жанында мекен етеді.

Мрастық шорлардың Ұмаймен қатысты басқа да дәстүрлері болған. Ол қоянның терісі төселген, оқ (ер балалар үшін) немесе жебе (қыз балалар үшін) қадалған, киіз үйдің қабырғасына бекітілген қайыңнан жасалған бесік. Сәбиді қорғайтын қарапайым бұйым ретінде бесіктің аяқ жағына қойылатын басы темір оқты қолданған.

Егер отбасында сәби ауырып қалса немесе өлетін болса, анасы бақсыны (шаманды) көмекке шақырған, ал бақсы жасырын түрде оған шүберектен «пала куду начах» деген қуыршақ тіктірген, ол дегеніміз сәбиге ұқсас кішкене баланың жаны. «Ұмай тытарға» деп аталатын бұл дәстүр жасырын түрде соңғы қайтыс болған сәбидің өліміне бір жыл болғанда қараңғы түнде жасалған. Шаманның айтуы бойынша, әйел адам өзенге бесікті лақтырып, сол бесікпен өліміне патшалығына Қара Ұмай да кетіп қалсын деп ырымдаған. Осы дәстүрді орындағанда әйел адам баласын ұстап тұрғандай қуыршақты көкірегіне жақын тұтқан.

Ұмайдың өзін антропоморфтық түрде ақ қайыңнан жасалған шаштары жылқының ақ жалынан жасалатын қуыршақтар (сағайларда қарасорадан жасалған), шүберектен жасалған садағы мен оғы бар қуыршақ (мысалы, качиндіктерде), сондай ақ ақ шүберек немесе қуыршақ сәбиі бар қайыңнан жасалған бесік (телеуіттерде немесе шорларда), бірге тігілген екі түлкі терісі немесе моншақтардың біріктірілген түрі (хакастардың басым көпшілігінде), ақ қоян терісі (кыпшақ тектес алтайлықтарда Дбайық Ұмай бейнеленген), Хакасия маңайын мекендейтін шорларда кейде жай ғана садақ пен оқ сипатында немесе көптеген шорларда бір ғана оқ бейнесінде де бейнеленген.

Алтайлықтарда фольклорлық өлең жолдары сақталған:

*«Суда, көлде суатты,
Сұрун тауда ойынды,
Тарақ басты Май ене».*

Алтай тауының маңындағы қорған бейіттерінің кілемінде тарақ басты Тәңір бейнеленген, бұл сол бейнеде Ұмайды көруімізге себеп болады [7].

Көне түркілік дәстүрді алтай түркілері жалғаған. Ол жоғарғы әлемнің (Аспан) Тәңірінің Яйагы, Жайагы, Жайық) жұбайы ретінде сипатталады. Олардың қосылуы нәтижесінде жер бетінде тіршілік пайда болды.

Алтайлық шамандардың дұғасы мынадай болып келеді: *Өре тұрған құдайым - Яйагым. Кепке мені сылым пычарда Ұмай.*

Аңыз әңгімелерге сенетін болсақ, кей үңгірлер мен тастарда Ұмай ана жерге түскендегі іздері ақталып қалған. Оны *Ұмай әнеңдин тағы / Ұмай ананың іздері* деп атайды. Қырғыз бақсылары мен йсел босандыратын емшілер тудыру кезінде және емдеу кезінде мына дұғаны айтып, Ұмай анаға шапнатын болған: *Менин колум эмес, Ұмай эненин колу / Менің қолым емес, Ұмай ананың қолы.*

Балаларды, тіпті үлкендерді бір сапарға аттандырығанда жасы үлкен әжелер былай деп ақ жол ілеген: *Ұмай әнеге тапшырдым / Ұмай анаға тапсырдым.* Ерекше атап өтетін жайт Ұмай ананы емісті және жеңісті, бақыпты күндерде жиі еске алатын болған. Астық пен мал басы мол болған кезде былай деп айтатын болған: *Ұмай эненин эмчегинен сют ағат / Ұмай ананың емішегінен сүт таңы.*

Ұмай адамдардың ішкі жан дүниесіне еніп, соңғы деміне дейін сонда сақталатын қасиетті нұр ашқан Тәңір болған. Бұл шуақтар адамға өмірлік энергиясын сақтауға көмектескен. Нұр шуағы оны панмен байланыстырып, көктен оның ұлылығы үшін жерге түскен. Егер нұр сәулесі сөнсе, адам тіп қалатын болған.

Сәби туылған кезде Ұмай ер балалар үшін оқ, ал қыз балалар үшін жебе дайындап, қорғап жүрсін деп оларды бесікке салатын болған. Сәбилерді сондай ақ киімдеріне тағылған шашақ баулар да қорғап тұратын.

Шорлық Май ичеге арналған символдық бейне – сәбидің бесігінің үстіне ілініп қойылатын ағаш та бар кішкене садақ.

Хакастарда сәбидің туылғанына жеті күн толғанда «Мейірімді Ұмай күні» «Ымай той» аталатын болған. Сондай ақ Ұмайдың құрметіне ауылдың сол жағына көк шүберектен тігілген, ал ауырып қалған жағдайда ботқа арқылы тамақтандырылған қуыршақты ілу арқылы бейнеленген.

Бұларға қосымша ретінде мифоритуалды тәжірбиеде кездесетін Ұмай бейнесінің аспандық мифологияға дәлел болатын көптеген жайттарды айтып өтуге болады. Хакастар "хуруг ымай" амулеті іне "ашық аспандағы" Тәңірді тартып тұрады деп сенген. Ұмай символы ретінде алтын, күміс және ақ және жасыл түсті жиптер қолданылған. Бұл жерде жип «тіршіліктің бастауы» болып

ғабылатын күн шуақтарын елестеткен. Якут дәстүріндегі жіпті «күн нұры» ретінде қолдану бедәулікке қарсы ем болады деген сенім қалыптасқан.

Ұмайдың басты символы – қанат. Саян Алтайдағы қазіргі түркі халықтары үшін Ұмай ертегідегі құс, ол ауада қалықтап жүреді, көктен түскен әдемі әйел, құс ана және т.б.; алайда бұл халықтардың түсінігіндегі құс тек ертегіде ғана бар, сол себепті Ұмайдың аспанда ұшып жүруі үшін қанаты болуы керек деген ой туындайды; Тань Шань қырғыздарында да "ұмай" – ауада қалықтап жүретін ертегідегі құс; хакастардың бір бөлігі Ұмайды сәбиге жан мен тән әкелетін ақ немесе көгілдір түсті құс ретінде елестеткен; Ұмайдың қанатты ұрпақ жалғастурушы құс ретінде сипатталуы Еуразия халықтарының түсінігіндегі дүниенің бір біріне қарама қарсы екі сферасымен (жоғарғы және төменгі әлем) байланысты болуында деуге болады.

Қорытындылай келгенде, *Ұмай*, *Умайя*, *Ымай*, *Май* – аналықтың, өміршендіктің, ұрпақ жалғастыру мен мейірімділіктің ұштасқан көрінісі. Көне және қазіргі түркілердің діни санасында Ұмайдың жандануы тікелей сол уақыттарда оларға келіп жеткен діндермен байланысты (христиандық, буддизм және оның түрлері), ол зерттелуі енді ғана бастау алған ескі түркі мәдениетінің феномендерінің бірі деп қарастыруға болады. Ұмай ана VII-VIII ғғ. көнетүркі руникалық жазбаларында Кок Тәңірі мен Йер-суб құдайларымен қатар кездеседі де, ұрпақ жалғастығы культімен байланыстырады. Сонымен, көптеген түркі халықтарында Ұмай ана – жан нәресте мен жүкті әйелдердің сыйынар пірі болған.

Бір кезде Тәңірімен қатар аталатын Ұмай ана есімі, даламызға ислам діні тараған кезде, өзінің мәртебелі биігінен төмендеп, бөбектер мен аналардың піріне айналды, яғни «от басы, ошақ қасында» қала берді, жол-жорада Ұмай ана есімі аталмады, қазақтар Әйел-ана құдайының бар-жоғын тіпті ұмыта да бастағандай. Тек келін түсіру кезінде ғана Ұмай анаға табыну нышандары сақталып қалған. Жас келіншек таба ідырықтан аттаған бойдан, ошаққа жеткенше, тізесін бүгіп 3 рет сәлем етеді, содан кейін үй ортасында жанып тұрған отқа бір бақыраш май құяды. Лапылдап жанған майдың жалынына кемпірлер қолдарын тосып: «От-әулие, Май-әулие» деп беттерін синау ырым ретінде сақталып қалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кляшторный С. Г. Мифологические сюжеты в древнетюркских памятниках. - С. 133.
2. Ыбыраев Ш., Әуесбаева П. Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы: Ғылым баспасы. 2002.
3. Қортабаева Г. Түркі ономастикасы. – Алматы, 2017.
4. Абрамзон С.М. Рождение и детство киргизского ребенка// Сб. МАЭ. - 1949. - Т. 12. - С. 82.
5. Бутаняев В.Я. Культ богини Умай у хакасов.// *Этнография народов Сибири*. – Новосибирск, 1984. – С. 93-105.
6. <https://qamba.info/site/book/online/serikbl-qndybai-v>

Ниязғалиева А.Ә.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Бекташева Г.

оқытушы-магистр, М.Өтемісов атындағы БҚМУ

Орал, Қазақстан

МАХМУД ҚАШҚАРИДЫҢ «ДИУАНИ ЛУҒАТ-ИТ-ТҮРІК» ЕҢБЕГІНДЕГІ ТУЫСТЫҚ ҚАТЫНАСТАР АТАУЛАРЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Адамзат баласының жер бетінде өсіп-өнуіне байланысты олардың арасында қоғамдық, қауымдастықтық қарым-қатынастар қалыптасқаны белгілі. Бұлар әрбір этностың даму барысында пайда болған өте көне, байырғы да дәстүрлі құбылыстың көрінісі, сипаты. Бұл туыстық, тектестік, әулеттік, әлеуметтік т.б. қарым-қатынастар қоғамдағы адамдар арасында белгілі бір жақындық пен алыстықтың әртүрлі дәрежесін, деңгейін, физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік т.б. сияқты қалыптастырып, оларға өз тілінен атау табуы, оларды дамытып, ұрпақтан ұрпаққа рухани-мәдени мұра ретінде ауыстырып келеді. Туыстық қатынастар атаулары – әрбір этностың даму барысында пайда болған әр тілдің ең көне лексикалық қабаты. Туыстық жүйенің негізі, бел ортасы – отбасы. Жақын туыстық – осы отбасынан өрбиді. Дегенмен түркі дәстүрінде туыстық қатынастары

Тулебай М.	Ғылыми айналымдағы «тілдік тұлға» ұғымы.....	108
Касаинова А.А.	Дискурстың аксиологиялық сипаты.....	111
Койлыбаева Р.К.,		
Жунисова М.А.	Тілдегі ықшамдалу заңдылығын зерттеген қазақ ғалымдарының ой-пікірлері.....	115
Қондыбай К.Ә.	Қазақ ауыз әдебиетіндегі сан компонентті тұрақты сөз тіркестері.....	117
Қыдырмолдина Э.Т.,	Қазақ афористикасының танымдық-тағылымдық сипаты.....	120
Қалыбаева Қ.С.		
Қыдыршаев А.С.,	Ақын жалған сөйлеген күні ақындықтан қалады (Белгілі айтыскер ақын Шолпан Қыдырғиязованың – қысқа сөзді нұсқа ойдың шебері).....	124
Таңатарова А.Х.	Метафоралардың тілдік-танымдық өзегі (Т.Ахметжан шығармалары негізінде).....	126
Қыдыршаев А.С.,	Түбір етістіктердің құрылымдық-мағыналық ерекшеліктері.....	129
Мақсотова Л.Н.	Әйел ақындар поэзиясының көркемдік әлемі (Айсұлу Қадырбаева шығармашылығы мысалында).....	133
Мазыбаева Ж.О.	Қысқарған сөздер және сөзжасам.....	136
Мамадиярова Н.Б.	Қазақ эпосындағы туынды сөздердің сөзжасамдық қызметі.....	138
Мүтиев З.Ж.	“Сөз” концептінің лингвистикалық вербалдашуусу.....	141
Мұхтаров С.С.	Башқорт халық ижадында “ғүмер” концепты.....	147
Османова З.	Өтпелі кезең көрінісінің көркем шындық арқылы бедерленуі.....	148
Сағынбаева Бурул	Түркітілдес халықтардың латын графикасын қолдану тарихы мен тәжірибесі.....	151
Саньярова Р.Р.	Ана тілі – рухани құндылығымыздың негізі.....	154
Тоқшылықова Г.Б.	Антропоцентрическая парадигма и принципы номинации.....	156
Тұрғынов Е.С.		

ТҮРКІТАНУ МЕН ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ТАРИХЫ. СӨЗ МӘДЕНИЕТІ. ТІЛДІК НОРМА. БАҚ ТІЛІ

Айтбенбетова А.Қ.,	Стилистикадағы лебіздің қызметі.....	160
Молдабаева З.М.		
Акабаева М.О.	Қазіргі қазақ баспасөзіндегі медиа-мәтін сипаты және тіл біліміндегі психоллингвистикалық бағыттың қалыптасуы.....	162
Асирдинова Т.Ж.	Бүбүйна Орузбаева жана кыргыз лингвистикасы.....	166
Ahmet BURAN	Dilbilimsel coğrafya, alan dilbilimi ve türk lehçeleri.....	168
Ferit YUSUPOV		
Дюсембина Г.Е.	М.Шаханов шығармаларындағы окказионал қолданыстардың танымдық мәні.....	172
Ескеева М.Қ.	Интегративті түркітанудың өзекті мәселелері.....	177
Жунисова М.А.	М.Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» (түркі тілдерінің сөздігі, XI ғ.) деген еңбегінің қазақ тіл білімінде зерттелуі.....	182
Nadir İLHAN	Türk halklarının ortak dil mirası: atasözleri.....	185
Қалыбаева Қ.С.	Қазақ, қарақалпақ, ноғай тілі фразеологизмдері.....	196
Қасым Б.	Түркі тілдерінде зат аталымдарын тудыратын сөзжасамдық жұрнақтар.....	198
Қортабаева Г.Қ.,	Түркі тілдеріндегі «Ұмай» онимі: лингвотанымдық экскурс.....	205
Қыдырбаева Ү.Т.		
Ниязғалиева А.Ә.,	Махмуд Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі туыстық қатынастар атауларының көрінісі.....	208
Бекташева Г.	Айтыс – тіл мен мәдениет синтезі.....	212
Симбаева С.О.,		
Нұрмағанбет Г.		
Сабыр М.Б.	Тіл тарихы – ұлт тарихы.....	215
Симбаева С.О.,	Қазақ терминологиясын қалыптастырудың кейбір мәселелері.....	220
Мухаметжанова А.		